

«АЛҒАШҚЫ ЖҰМЫС ОРНЫ» БАҒДАРЛАМАСЫ «ҰРПАҚТАР КЕЛІСІМШАРТЫ» БАҒДАРЛАМАСЫ

«Алғашқы жұмыс орны» бағдарламасы



Бағдарламаға қатысушылар – алғаш рет жұмыс іздеп жүрген тұлғалар, жұмыс іздеп жүрген және жұмыссыз тұлғалар, 35 жастан аспаған жастар қатарындағы, оның ішінде NEET санатындағы жұмыс тәжірибесі жоқ жұмыссыздар.

Жұмыс ұзақтығы 18 ай

Жалақы кемінде 30 (АЕК)

30 АЕК = 103 500

«Ұрпақтар келісімшарты» бағдарламасы

Бұл бағдарламаның мәні жұмыс беруші 6 айлық тағылымдамадан кейін зейнетке шығатын адам босататын орынға үміткерді жұмысқа қабылдайды.

Жұмыс ұзақтығы 6 айға дейін

Жалақы кемінде 30 (АЕК)

30 АЕК = 103 500



«Алғашқы жұмыс орны» бағдарламасы

Жастардың еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін арттыру және оларды қажетті еңбек дағдылары мен бірінші жұмыс орнында бейімдеуді қамтамасыз ету мақсатында еңбек мобильділігі орталықтары (мансап орталықтары) жұмыссыз жастарды алғашқы жұмыс орнына жұмысқа орналастыруды ұйымдастырады.

«Алғашқы жұмыс орны» жобасы бойынша жұмыспен қамтуды ұйымдастыру бірінші рет жұмыс іздеп жүрген жұмыссыз тұлғаларға, 35 жастан аспаған жастар, жұмыс тәжірибесі жоқтар қатарынан жүзеге асырылады.

Оқу орындарының тұлғалары үшін "Алғашқы жұмыс орны" жобасы бойынша жұмыс орындары олар алған кәсіп (мамандық) бойынша немесе ұқсас кәсіп (мамандық) бойынша құрылады.

«Алғашқы жұмыс орны» жобасы бойынша жұмыс беруші еңбек мобильділігі орталығымен келісім негізінде қатысушыны кемінде 18 ай мерзімге жұмысқа орналастырады.

Жергілікті бюджеттен ай сайынғы субсидия мөлшері 30 айлық есептік көрсеткішті құрайды (салықтарды, міндетті әлеуметтік аударымдарды, пайдаланылмаған демалыс үшін өтемақыны және банктік қызметтерді қосқанда), экологиялық төлемдер үшін төлемдерді қоспағанда.

«Алғашқы жұмыс орны» жобасына қатысу үшін өтініш беруші тұрғылықты жері бойынша мансап орталығына өтінішпен жүгінуі керек. Өтінішке мынадай құжаттардың көшірмелері қоса беріледі:

1. Жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін).
2. Білім туралы құжат (бар болса).

«Ұрпақтар келісімшарты» бағдарламасы

Жұмыс іздеушілер мен жұмыссыздарды, оның ішінде білім беру ұйымдарының түлектерін жұмыспен қамтуға жәрдемдесу бойынша қосымша шараларды іске асыру шеңберінде еңбек мобильділігі орталықтары (мансап орталықтары) жұмыс берушілердің өтінімдері бойынша қатысушыларды зейнеткерлік жасқа жеткен белсенді жұмыскерді кейіннен ауыстыра отырып, жұмысқа орналастыруды ұйымдастырады.

«Ұрпақтар келісімшарты» бағдарламасы бойынша жұмыс беруші еңбек мобильділігі орталығымен шарт негізінде Ұлттық жобаға қатысушыны кемінде 6 ай мерзімге жұмысқа алады.

Жергілікті бюджеттен ай сайынғы субсидия мөлшері 30 айлық есептік көрсеткішті құрайды (салықтарды, міндетті әлеуметтік аударымдарды, пайдаланылмаған демалыс үшін өтемақыны және банктік қызметтерді қосқанда), экологиялық төлемдер үшін төлемдерді қоспағанда.

«Ұрпақтар келісімшарты» жобасына қатысу үшін өтініш беруші тұрғылықты жері бойынша мансап орталығына өтінішпен жүгінуі керек. Өтінішке мынадай құжаттардың көшірмелері қоса беріледі:

1. Жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін).
2. Білім туралы құжат (бар болса).